



Ақпараттық хабарлама

28 қыркүйек, 2021 ж.

Арчил Усанеташвили ВТБ Банк (Қазақстан) Басқармасының мүшесі болып тағайындалды

ВТБ Банк (Қазақстан) директорлар кеңесі Арчил Усанеташвилиді Банк Басқармасының жаңа мүшесі етіп сайлады. Ол шағын және орта бизнестің корпоративтік клиенттерімен жұмыс істеу үшін жауап береді.

Арчил Усанеташвили 1977 жылы дүниеге келген, банк саласында 17 жылдан астам уақыт жұмыс істейді, оның ішінде ВТБ тобында 15 жыл. 2000 жылы Тбилиси мемлекеттік экономикалық қатынастар институтының "экономика және басқару" факультетін бітірген, 2008 жылы ВТБ корпоративтік университетінің "Көшбасшылық энергиясы" бағдарламасын өткен.

"Кәсіпкерлерді қолдау – ВТБ-ң стратегиялық басымдығы. Өткен жылы біз заңды тұлғалар үшін сервистерді белсенді автоматтандыруды бастадық. ВТБ корпоративтік клиенттері үнемі интернет пен мобильді банкингі пайдаланады, бірақ осы жылы олар қосымша қашықтықтан ресімдеу және кредит желілерінің транштарын алу және шоттар ашу мүмкіндігіне ие болды. Біз кәсіпкерлерге арналған сервистерді технологиялық дамытуды жалғастырамыз, енді осы процестерді басқару жөніндегі міндеттер Арчил Усанеташвилиге жүктелді. Оның тәжірибесі мен құзыреттері корпоративтік клиенттермен жұмыс істеудің барлық бағыттарын одан әрі дамытуға көмектеседі деп сенемін", – деп ВТБ (Қазақстан) Басқарма Төрағасы Дмитрий Забелло атап өтті.

12 ай ішінде ВТБ (Қазақстан) кредиттік қоржыны ШОБ сегментінде 36%-ға, 1 қыркүйекте 60,3 млн теңгені, депозиттік портфель – 26%-ға өсіп 44,3 млн теңгеге дейін құрады. Шағын және орта бизнестің ағымдағы шоттарының көлемі 1,5 есеге артып, 26,5 млн теңгені құрады.

Бүгінгі таңда Банк ВТБ (Қазақстан) Басқармасының құрамына Басқарма Төрағасы Дмитрий Забелло, Банктің бөлшек сауда блогын басқаратын төрағаның орынбасарлары Артем Бадыков, корпоративтік-инвестициялық бизнеске жетекшілік ететін Арман Мангитов және қаржы департаментінің директоры Анастасия Нелина кіреді. Арчил Усанеташвили ВТБ (Қазақстан) Басқармасының бесінші мүшесі болды.

Анықтама

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ – ВТБ халықаралық қаржы тобына кіреді. Бүгінгі таңда банк еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан 17 филиалдан тұратын филиалдық желісі бар. Банк ВТБ (Қазақстан)-ның Орталық кеңсесі Алматы қаласында орналасқан. 2020 жылғы 3 ақпандағы №1.2.14/39 Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы.